

ХАТТАМА № 4

Уақыты: “5” қараша 2024 жыл

Қатысқандар: Алқа мүшелері

Күн тәртібінде:

- Жасөспірімнің өмір ағымында кездесетін қолайсыз жағдайлардың алдын алу және болдырмау;
- Жасөспірімнің қиын өмір жағдайларындағы құқығын қорғау және сақтау;

ТЫҢДАЛДЫ: Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп психологы Арингазина Д.Д сөз сөйледі. Ол жасөспірімдік шақта балалардың эмоционалдық-психологиялық жағдайы тұрақсыз болатынын, соның салдарынан өмір ағымында әртүрлі қолайсыз жағдайларға (тұйықталу, депрессия, құмар ойындарға бейімділік, интернеттегі қауіпті топтардың ықпалына түсу) тап болу қаупі жоғары екенін атап өтті.

Мектепте балалардың психологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында «Қауіпсіз мектеп», «Достық орта» бағытында тренингтер мен сауалнамалар (буллинг пен кибербуллингті анықтау) жүргізілгені айтылды. Психолог маман сынып жетекшілеріне әр баланың мінез-құлқындағы кенеттен болған өзгерістерге (сабақ үлгерімінің төмендеуі, оқшаулану) жіті назар аударуды ұсынды.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша әлеуметтік педагог Жумабаева А.А жасөспірімнің қиын өмір жағдайларындағы (материалдық мұқтаждық, отбасындағы қолайсыздық, ата-ана қамқорлығынсыз қалу, заңды құқықтарының бұзылуы) құқығын қорғау және сақтау бағытында атқарылып жатқан жұмыстарды баяндады.

Мектептегі аз қамтылған, көпбалалы немесе тәрбиеге қиындық тудыратын отбасылардан шыққан балалардың әлеуметтік картасы әзірленгенін жеткізді. «Қиын өмірлік жағдай» анықталған кезде мектеп тарапынан заң аясында қорғаншылық органдарымен, құқық қорғау мекемелерімен бірлесе отырып, баланың құқығын шектейтін немесе оған зиян келтіретін әрекеттерге тосқауыл қойылатыны ескертілді. Бала құқығын қорғау — мектептің басты міндеті екені баса айтылды.

Шешімі:

- Сынып жетекшілері ата-аналармен байланысты нығайтып, баланың үйдегі және мектептегі психологиялық ахуалын тұрақты бақылауда ұстасын. Желідегі қауіпсіздік (киберқауіпсіздік) туралы ақпараттық сағаттар өткізілсін;
- Отбасында баланың құқығын бұзу, зорлық-зомбылық көрсету фактілері анықталған жағдайда, жедел түрде құзырлы мемлекеттік органдарға (қорғаншылық бөліміне, полицияға) хабарлап, баланы қорғау шаралары ұйымдастырылсын.

Хатшы  Жакыбаева Г.Н.